БЕКІТЕМІН:
Гимназия директоры:
А.И.Мадибаев

2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес отырысының жоспары

№	Мерзімі	Қаралатын мәселелер	Жауаптылар
№1 отырыс	**Қыркүйек**	**1. 2026–2027 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері:** әдістемелік нұсқау хаттағы негізгі талаптар, оқу бағдарламалары мен жоспарлаудағы басымдықтар. **Баяндама.**	Директордың ОӘІ жөніндегі орынбасары
		2. «Заманауи сабақ: білімнен – функционалдық сауаттылыққа». Оқу мақсаттарын сабақ мақсатына айналдыру, тапсырмаларды өмірлік жағдаяттармен байланыстыру, білімді қолдануға бағыттау. **Баяндама.**	ӘБ жетекшісі: Муртазина А. Руханият бірлестігі
		3. 2025–2026 оқу жылының білім сапасы, БЖБ/ТЖБ, қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау және жаңа оқу жылына нысаналы көрсеткіштер белгілеу.	Директордың орынбасары, ӘБ жетекшілері
		4. Пәндер бойынша КТЖ, факультатив, элективті курс, үйірме бағдарламаларын қарау және келісу.	ӘБ жетекшілері
		5. Ағымдағы мәселелер: олимпиада, ғылыми жоба, педагогтерді аттестаттау, біліктілікті арттыру курстары, әдістемелік апталықтардың жоспары.	ӘБ мүшелері
№2 отырыс	**Қараша**	**1. «Сабақтағы ЖИ: мұғалімнің көмекшісі ме, әлде дайын жауап көзі ме?»** ЖИ құралдарын педагогикалық мақсатта пайдалану, фактчекинг, академиялық адалдық және қауіпсіздік. **Баяндама.**	ӘБ жетекшісі Жусупбекова Г.Е. Миф бірлестігі
		2. «Функционалдық сауаттылықты қалыптастыратын тапсырманы қалай құрастырамыз?» PISA форматындағы, зерттеушілік және проблемалық тапсырмаларды сабаққа енгізу. **Баяндама.**	ӘБ жетекшісі/педагог-зерттеуші Абильдинова М.Ж. Жасыл әлем бірлестігі
		3. I тоқсан қорытындысы: білім сапасының мониторингі, төмен нәтиже көрсеткен сыныптар мен оқушылар бойынша себеп-салдарлық талдау.	Директордың орынбасары
		4. Сабақтарға қатысу қорытындысы: оқу мақсаты – тапсырма – бағалау	Директордың орынбасары, ӘБ жетекшілері

		критерийі – кері байланыс арасындағы сабақтастық.	
		5. Ағымдағы мәселелер: олимпиаданың мектеп/қалалық кезеңі, ғылыми жобалар, пән апталықтары, педагогтердің тәжірибе таратуы.	ӘБ мүшелері
№3 отырыс	**Қаңтар**	**1. «Бағалау – баға қою емес: оқушының оқуын жақсартатын кері байланыс».** Қалыптастырушы бағалау, БЖБ/ТЖБ нәтижелерін талдау және оқу олқылықтарын анықтау. **Баяндама.**	ӘБ жетекшісі: Байтикенова У.К. Ақиқат бірлестігі
		2. «Зерттеуші оқушы: сабақтан ғылыми жобаға дейін». Зерттеу сұрағын құру, дереккөздермен жұмыс, дәлелдеу, қорытынды жасау мәдениеті. **Баяндама.**	Педагог-зерттеуші/ӘБ жетекшісі. Шынбергенова А.Б. Содружества бірлестігі
		3. I жартыжылдық қорытындысы бойынша білім сапасының динамикасы. Параллельдер мен пәндер бойынша салыстырмалы талдау.	Директордың орынбасары
		4. Білімінде олқылығы бар және жоғары оқу нәтижесін көрсететін оқушылармен жүргізілетін жұмыстың тиімділігі. Жеке білім беру маршруты.	ӘБ жетекшілері
		5. Ағымдағы мәселелер: педагогтерді аттестаттау, портфолио, авторлық бағдарламалар, олимпиада/ғылыми жоба нәтижелері, II жартыжылдық міндеттері.	Директордың орынбасары, ӘБ мүшелері
№4 отырыс	**Наурыз**	**1. «Сабақты зерттеу – мұғалімді емес, оқушының оқуын зерттеу».** Peer Review арқылы сабақ сапасын жетілдіру. **Баяндама.**	ӘБ жетекшісі Жанайдарова А.Ш Лингвистика бірлестігі
		2. «Дарынды оқушыны қолдау: олимпиададан зерттеу мәдениетіне дейін». Қабілетті оқушыларды анықтау, жеке траектория және пәндік тереңдету. **Баяндама.**	ӘБ тәжірибелі педагог
		3. III тоқсандағы білім сапасы және сабақтарға қатысу нәтижелері: оқушы белсенділігі, саралау, зерттеушілік тапсырмалар мен кері байланыстың тиімділігі.	Директордың орынбасары
		4. Педагогтердің кәсіби өсу мониторингі: аттестаттау, курстан кейінгі сүйемелдеу, тәжірибе тарату, әдістемелік өнімдер мен жарияланымдар.	Директордың орынбасары, ӘБ жетекшілері
		5. Ағымдағы мәселелер: қорытынды аттестаттауға дайындық, олимпиада/байқаулар, пәндік	ӘБ мүшелері

		апталықтар, педагогтердің тәжірибесін жинақтау.	
№5 отырыс	**Мамыр**	**1. «Білім сапасы: саннан сапалы талдауға».** Бір оқу жылындағы нәтижелерді салыстыру, проблемалық аймақтарды және келесі оқу жылындағы өсу нүктелерін анықтау. Дөңгелек үстел.	ӘБ жетекшілері
		2. «Мұғалімнің кәсіби дамуы: бір жылда не өзгерді?» Әдістемелік жұмыстың педагог тәжірибесіне және сабақ сапасына ықпалы. SWOT талдау	Тәлімгерлер
		3. 2026–2027 оқу жылындағы ӘБ жұмысының қорытындысы: білім сапасы, олимпиада, ғылыми жоба, байқаулар, педагогтердің кәсіби жетістіктері бойынша талдау.	Директордың орынбасары
		4. Әдістемелік апталықтар, Peer Review, ашық сабақтар, шеберлік сағаттары мен тәжірибе таратудың нәтижелілігін бағалау.Қорытынды талдау отырысы.	ӘБ жетекшілері
		5. Ағымдағы мәселелер және 2027–2028 оқу жылына ұсыныстар: проблемалық бағыттарды анықтау, жаңа әдістемелік тақырып пен басымдықтарды ұсыну.	Директордың орынбасары, ӘБ жетекшілері